

**«БЕКІТІЛДІ»
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 14 Хаттама**

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

Мазмұны

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	5
3.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.	6
4.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	7
5.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	8
6.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	8
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ.....	10
8.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	11
9.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	12
10.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӨРЕКЕТТЕРІ	14
11.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	15
12.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	16
13.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	18
14.	КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	20
15.	ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	21
16.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	21
17.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	21

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Теміржол көлігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Теміржол көлігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы теміржол көлігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай Сақтандыру шартында Ережеде көрсетілген шарттардан айрықшаланатын шарттар белгіленуі мүмкін. Сақтандыру шарты мен Ереженің шарттарының арасында сәйкессіздіктер болған кезде Сақтандыру шартының ережелері қолданылады.

1.4. Сақтанушының (сақтандырылушының) және/немесе пайда алушының сақтандырылған көлік құралының сақталуына мүддесі болмаған кезде жасалған Сақтандыру шарты – жарамсыз деп саналады.

1.5. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;

2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

3) сақтандыру полисі – Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген және Сақтанушыға берілетін, үлгілік шарттарға (сақтандыру ережелеріне) Сақтанушының қосылу құжаты (қосылу шарты);

4) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

5) Сақтанушы – сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

6) Сақтандырылушы – сақтандыру соған қатысты жасалатын тұлға;

7) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

8) тәуелсіз сарапшы – мүлікті (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте сол мекеме тарапынан аккредиттелген жеке немесе заңды тұлға;

9) сақтанушының өтініші – сақтанушының жазбаша рәсімделген құжаты, онда сақтандыру объекті және тәуекел сипаты, басқа да шарттармен қатар белгіленген сақтандыру объектінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылады;

- 10) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 11) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;
- 12) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 13) сақтандыру жағдайы – басталуында ықтималдық және кездейсоқтық сипаты бар, Сақтандыру шартында қарастырылған, сол оқиғаның басталуынан сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеті туындайтын оқиға;
- 14) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде сақтанушыға (пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
- 15) темір жол көлігі – жермен жүретін, жүктерді және жолаушыларды рельс жолдарымен тасымалдайтын көлік құралы;
- 16) шынайы құн – сақтандыру объектісінің Тараптардың келісімімен, тозуы есепке ала отырып, белгіленген құны;
- 17) нарықтық құны – сақтандыру объектісін сатып алудың белгіленген құны, оған тағайындалған бекетке дейін тасымалдау бойынша, кедендік тазалау және сақтандыру бойынша шығындар қосылған;
- 18) зақымдану – сақтандырылған көліктің бүтіндігінің бұзылуы, оның сыртқы көрінісінің өзгеруі, сақтандыру жағдайының нәтижесінде оның жекелеген бөлшектерінің жарамсыз болуы. Зақымдану – қалпына келтіру, түзеу және жөндеу мүмкіндігін білдіреді;
- 19) толық нақты опат болу – көлікті қалпына келтіруге мүмкін емес жағдайдағы толығымен бүліну;
- 20) толық конструктивтік опат болу – көлікті қалпына келтіру құны (оны жөндеу жеріне жеткізу құнын қоса) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының (шынайы құнының) 75 %-ынан асатын мөлшерді құрайды;
- 21) жылжымалы құрамды жоғалту (қолдан жіберу) – көліктің орналасқан жерін анықтау мүмкін емес жағдай (мүдделі тұлға уәкілетті органға көліктің жоғалғаны туралы өтініш жазған сәттен бастап екі ай ішінде көліктің орналасқан жері туралы ақпараттың болмауы);
- 22) жылжымалы құрамды уақытша пайдаланушылардың қайтармауы – жылжымалы құрамның сақтандырылған бірлігін уақытша пайдаланушылар (жалға алушылар және т.с.с.) алты ай ішінде сақтанушының (пай алушының) бақылауына қайтармауы, оның орналасқан жері туралы қандай да бір мәліметтер болмаған және қандай да бір мәліметтер алу мүмкін болмаған кезде;
- 23) өрт – арнайы орыннан тыс жерде бақылау мүмкін болмаған, материалдық залал келтіретін және адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жану үдерісі;
- 24) жарылыс – қысқа уақыт аралығында шекті көлемде мол қуат мөлшерін босатудың, газдардың кеңеюіне негізделген жылдам өтетін үдеріс;
- 25) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері – жарылыс, өртеу немесе үшінші тұлғалардың ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес сыныптандырылатын қылмыстық әрекеттерінің, не болмаса ұрлауды қоспағанда, үшінші тұлғалар абайсызда жасаған әрекеттерінің салдарынан сақтандыру объектісін жою немесе бүлдіру;
- 26) ұрлау – теміржол көлігін немесе оның жекелеген конструктивтік элементтерін құпия ұрлау;

27) тонау - теміржол көлігін немесе оның жекелеген конструктивтік элементтерін ашық түрде ұрлау;

28) қарақшылық - теміржол көлігін немесе оның жекелеген конструктивтік элементтерін ұрлау мақсатында қару (қару ретінде пайдаланылған заттарды) қолдану немесе жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық жасау арқылы шабуыл;

29) террорлық акті – жарылыс жасау, өртеу немесе адамдардың өміріне қауіп туғызатын басқа әрекеттер, едәуір мүліктік залал келтіру немесе өзге де қоғамдық қауіпті салдарға әкелетін жағдай, егер ол әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту немесе мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына ықпал ету (саяси себептер) мақсатында жасалған болса;

30) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні дербес Сақтандыру шарттары бойынша бірнеше Сақтандырушыда, солардың әрбірімен сақтандыру.

1.6. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері әрі сақтандырылушыға да, әрі пайда алушыға да теңдей шамада қолданылады. Сақтандырылушының немесе пайда алушының сол міндеттерді орындамауы – ол міндеттерді сақтанушы орындамаған кездегідей салдарға әкеп соқтырады.

1.7. Сақтанушының кез келген заңға қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.8. . Сақтанушының немесе оның өкілінің Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) қолтаңбасы – оның осы Ережемен толық келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

2.1. Көлікті Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымдаудың, жоғалтудың, қайтарып алмаудың немесе жойылудың (ұрлап айдап әкету, ұрлау) салдарынан теміржол көлігіне (бұдан әрі мәтін бойынша – көлік) иелік етуге, оны пайдалануға, оған билік жүргізуге байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтанушыға иелік ету, пайдалану, билік жүргізу құқығында тиесілі, техникалық тұрғыдан дұрыс күйде болған, тиісті стандарттардың талаптарын қанағаттандыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану ережелерінің талаптарына сәйкес келетін теміржол көлігі – осы Ережеге сәйкес сақтандыру мәні болып саналады.

2.3. Сақтандыруға келесілер қабылданады:

1) тартқыш жылжымалы құрам: локомотивтер, электровоздар, тепловоздар, паровоздар, газтурбовоздар, мотовоздар, автомотристер және т.с.с.;

2) моторвагондық жылжымалы құрам: электр пойыздар, дизельді пойыздар, турбопойыздар, аккумуляторлық пойыздар, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамдар, дрезиналары және т.с.с.;

3) топтар бойынша жүк вагон құрамдары:

а) 1-топ — үсті жабық вагондар, жартылай вагондар, платформалар;

б) 2-топ — шекемтас тасығыштар (хоппер-вагондар), автомобиль тасымалдауға арналған вагондар, думпкарылар;

в) 3-топ — вагондар: астық тасымалдайтын вагондар, минерал тасымалдайтын вагондар, фитинг платформалар, сода тасымалдайтын вагондар, цистерналар;

г) 4-топ – вагондар: цемент тасымалдайтын вагондар, контейнер тасымалдайтын вагондар, өстер саны 12 және одан көп транспортерлер, басқа да вагондар, оның ішінде басқа топтардың құрамына кірмейтін арнаулы вагондар;

д) 5-топ — рефрижератор вагондар, өстер саны 16 және одан көп транспортерлер;

е) 6-топ — термос-вагондар.

4) Жолаушыларға арналған вагондар құрамы: жолаушылар, жүк, пошта, жүк–пошта, қызметтік, мейрамхана-вагон (кафе), басқа да арнайы вагондар және т.с.с.

2.4. Теміржол көлігі сақтандыруға түгелімен, оның ішінде келесілермен қабылданады:

1) корпус;

2) ішкі жайлар, оның ішінде: сымдар жүйесі, оқшауландыру, өңделім, құрылғылар мен жүйелер, негізгі және қосалқы механизмдер, қазандықтар, дизель-генераторлар және басқа жабдықтар мен саймандар;

3) негізгі комплектацияға кірмейтін және Сақтанушы пойыз және маневрлер жұмысының қауіпсіздігін арттыру, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында орнатқан жекелеген конструктивтік элементтер және т.с.с.

2.5. Келесідей көліктер сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) соттың заңды күшіне енген тиісті шешімінің негізінде тәркіленетін көлік;
- 2) жүре ме, жүрмей ме, оған қарамастан, мұражай экспонаты болып саналатын көлік;
- 3) зауыттық конструкциямен қарастырылған мақсатқа пайдаланылмайтын көлік;
- 4) техникалық тұрғыдан ақауы бар, құрамдас бөлшектері шашылған көліктер.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру келісімшартын жасаған сәттегі бухгалтерлік құжаттардың, нарықтық конъюктураның негізінде көліктің баланстық немесе нарықтық құнымен белгіленеді.

3.2. Егер көліктің шынайы құнын басқа тәсілмен айқындау қиын болса және/немесе сақтандырылған көлік туралы ақпараттың бұрмалануына әкелуі мүмкін болса, Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша көліктің шынайы құны тәуелсіз сараптамалық бағалаудың негізінде айқындалуы мүмкін.

3.3. Тараптар объектіні қалпына келтіру сомасына тең сомаға сақтандыру туралы келісуі мүмкін, бұл ретте, сақтандыру объектісін бағалау әлдісі Сақтандыру шартында ерекше келісіледі.

3.4. Сақтандырушы өзін Сақтанушы әдейі адастырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартында белгіленген мүліктің құнын Тараптар дауласпайды. Егер Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, ол сома Сақтандыру шартын жасаған сәттегі сақтандыру сомасының сақтандыру құнынан асқан бөлігінде жарамсыз болады.

3.5. Егер сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтандыру сомасы көліктің шынайы құнынан төмен мөлшерде белгіленген болса, сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының шынайы құнға шаққандағы қатынасына тең нақты залалдың бөлігі мөлшерінде жүзеге асырады.

3.6. Осы Ережеге сәйкес Сақтандыру шартында келесілер белгіленді:

- 1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғанысының бүкіл қолданыс кезеңі үшін барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі;
- 2) әр сақтандыру тәуекелі бойынша немесе сақтандыру тәуекелдерінің тобы бойынша сақтандыру сомасы;
- 3) бір оқиғаның нәтижесінде сақтандыру жағдайларының сериясы бойынша сақтандырушының жауапкершілік лимиті;
- 4) сақтандыру сомаларының басқа түрлері.

3.7. Сақтандыру шарты бойынша франшиза қарастырылады, оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен анықталады, не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса абсолютті мөлшерде белгіленеді. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әр сақтандыру тәуекелі үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайы немесе тәуекелі орын алған болса, франшиза сомасы олардың әрбірі бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын, оны пайдалану шарттары мен ерекшеліктері, сақтандыру мерзімін, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына ықпал ететін басқа да факторларды есепке ала отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

4.2. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы белгіленеді. Сондай-ақ Сақтандыру шартында әрі әр объекті бойынша сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифтеріне қарай сақтандыру тәуекелі бойынша белгіленуі мүмкін.

4.3. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдалануға құқылы, олар көлікті пайдалану мерзіміне, сақтандыру аумағына және т.с.с. байланысты айқындалады.

4.4. Сақтандыру шарты 12 (Он екі) ай мерзімге жасалады. Сақтанушы Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасауға құқылы. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
толық 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

Ескертпе: сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде толық емес ай толық ай ретінде есептеледі.

4.5. Сақтанушы сақтандыру төлемін біржолғы төлеммен немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төленеді. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Ерекше жағдайларда сақтандыру сыйлықақылары төлеу басқа елдердің валюталарымен, операция жасаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағамы бойынша жүзеге асырылады.

4.6. Сақтанушы сақтандыру төлемін (сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын қолданыстағы заңнамаға сәйкес біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

4.7. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

4.8. Бір жалдан астам уақытқа сақтандырған кезде Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы әр жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ретінде

белгіленеді. Бұл ретте, толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы келесідей формула бойынша есептеледі:

Пнеп. = СТ х (N/12), мұнда:

Пнеп. – толық емес жыл үшін сақтандыру төлемі (бір жылдан астам уақытқа сақтандырған кезде);

СТ – Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі;

N – толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысының айлар саны.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

5.1. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде және сақтандыру аумағында орын алған, сақтандырылған көліктің жоғалуына (опат болуына) немесе зақымдануына әкеп соқтырған оқиға – осы Сақтандыру ережесіне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру жағдайының кездейсоқтық және ықтималдық сипаты болуы тиіс.

5.2. Төменде көрсетілген тәуекелдердің нәтижесінде сақтандырылған көліктің зақымдануы, опат болуы немесе жойылуы – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) қирау, апат, соқтығысу немесе рельстен шығып кету (әр пойыздарда, әрі маневр жұмыстары кезінде);
- 2) көпірлердің, туннельдердің құлауы/қирауы;
- 3) өрт, жарылыс;
- 4) дүлей апаттар, жер сілкінісі, жанартау атқылау немесе жерасты суларының әрекеті, жердің шөгуді, лай көшкіні, тау-тастың құлауы, құйын, сұрапыл жел, жойқын жел, су тасқыны, бұршақ жауу, нөсер жауу, найзағай соғу;
- 5) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері;
- 6) тонау немесе қарақшылық нысанында жасалған, сол факті бойынша қылмыстық іс қозғалған, көліктің немесе оның жекелеген конструктивтік элементтерінің ұрлануы;
- 7) сақтандырылған көлікке ұшқыш басқаратын ұшу аппаратының, олардың сынықтарының немесе ұшу аппараттарынан түскен заттар мен жүктердің құлауы.

5.3. «Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

5.4. Жекелеген сақтандыру сыйлықақылары үшін «террорлық акт», «жылжымалы құрамды уақытша пайдаланушылардың қайтармауы», жылжымалы құрамды жоғалту (қолдан жіберу), сондай-ақ сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде жұмсаған төменде көрсетілгендей дұрыс шығындары сақтандыруға қабылдануы мүмкін:

- 1) сақтандырылған, сақтандыру жағдайы басталған кезде зақымданған теміржол көлігін құтқару бойынша;
- 2) сол оқиғаның нәтижесінде сақтандырылған теміржол көлік құралы зақымданған немесе жойылған сақтандыру жағдайының салдарын жою бойынша, ол жөнінде Сақтандыру шартында арнайы келісілуі тиіс.

5.5. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ келген залалдарды дәлелдеу міндеті сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Төменде көрсетілгендердің салдарынан көліктің зақымдануы, опат болуы, жоғалуы – сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

- 1) сақтанушының, пайда алушының немесе олардың өкілдерінің қаскөйлігі немесе аса абайсыздығы;
- 2) әрі Сақтандыру шартын жасау кезінде, әрі Сақтандыру шартын іске асыру кезеңінде сақтанушының сақтандырушыға жалған мәліметтер беруі;

- 3) басқа жіберушілердің жүктерін тасымалдау үшін теміржол көлігінің темір жолды өз еркімен жайлап алған жағдайда;
- 4) соғыс; басып кіру; шетелдік мемлекеттіктің қастық әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланған ба, жоқ па, оған қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 5) көтеріліс, ереуіл, локаут, халық толқуы көлеміне дейін жететін немесе өсетін азаматтық тәртіпсіздіктер, бүлік, азаматтық толқулар, әскери көтерілістер, революция, әскермен басып алу немесе билікті басып алу, тәркілеу, реквизиция немесе көлікті мемлекеттендіру, террорлық актілер;
- 6) радиоактивті сәулелендіру немесе атом отынын жағудан радиоактивті отымен немесе радиоактивті қалдықтармен ластау;
- 7) жобада (дизайнда), айрықшамаларда, өндірісте, материалдарда жіберілген қателіктер мен жаңылыстар;
- 8) сақтандыру жағдайы кезінде немесе сақтандыру жағдайынан соң көлікті ұрлау немесе талан-тараж қылу;
- 9) сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал залалдарды азайту бойынша қасақана ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолданбауы.

6.2. Төменде көрсетілгендердің салдарынан туындаған залалдар сақтандырумен өтелмейді:

- 1) сақтанушы (пайда алушы) немесе оның белгіленген ережелерді сақтау үшін жауапты жұмыскерлері жүкті тиеу және түсіру жұмыстарын орындау кезінде көрсетілген ережелерді бұзуы;
- 2) сақтанушы (пайда алушы) немесе оның белгіленген ережелерді сақтау үшін жауапты жұмыскерлері көрсетілген теміржол көлігін пайдалану ережелерін бұзуы;
- 3) сақтанушының Сақтандыру шарттарын орындамауы;
- 4) сақтанушының, пайда алушының және/немесе олардың жұмыскерлерінің алкоголь, есірткі құралдарын және басқа психотроптық заттарды қолданып мас халде болуы;
- 5) табиғи тозу, тотығу, әзірлеу және жөндеу кезіндегі ақау, сондай-ақ Көлік және коммуникация министрлігінің қолданыстағы бұйрықтарымен белгіленген тартқыш жылжымалы құрамның жөндеу аралық жүріс нормаларын бұзудың нәтижесінде тораптардың, агрегаттардың бұзылуы (істен шығуы);
- 6) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, вагондарды локомотивке тіркеу немесе вагондарға жарылғыш немесе өздігінен жанушы хаттар мен бұйымдарды тиеу салдарынан көлікті өртпен немесе жарылыс нәтижесінде зақымдау;
- 7) аппараттың, агрегаттың, механизмнің тысына өрттің таралмай, теміржол көлігінде электр желілері мен электр жабдықтарының тұйықталуы;
- 8) жүкті тиеу-түсіру және тасымалдау барысында тасымалданатын жүктің көлікті зақымдауы, оның ішінде жүкті дұрыс бекітпеген жағдайда;
- 9) қозғалтқыштың сипаттамаларын нашарлататын немесе оны мерзімінен бұрын ауыстыруға алып келетін тастарды, қиыршық тастарды, шаң, құм немесе басқа заттарды сору;
- 10) көлік құралдарын Сақтандыру шартында көрсетілген мақсаттарға сай пайдаланбау;
- 11) егер аса қажеттіліктен солай жасау қажеттілігін қоспағанда, көлікті Сақтандыру шартында белгіленген географиялық аумақтан тыс (сақтандыру аумағынан тыс) жерлерге баруы;
- 12) күрделі немесе апаттық жөндеу жұмыстарынан кейін көлікті тәжірибелік тұрғыдан тексеру;
- 13) көрсетілімдік, сынамалық және т.с.с. теміржол іс-шараларын, рейстерді жүзеге асыру;
- 14) көліктің жаңа конструкцияларын сынау, сондай-ақ арнайы рұқсат алуды қажет ететін рейстерді жүзеге асыру;
- 15) көлікті басқаруға құқығы жоқ тұлғаның басқаруы;
- 16) пойыз немесе маневр жұмыстарында жол жүру қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін, көлікті және оның агрегаттарын пайдалану, сақтау шарттарын бұзу;

17) өндірістің технологиялық үдерісінің ерекшелігімен немесе өнеркәсіптік қондырғылар мен агрегаттардың жұмыс істеу шарттарымен негізделген жану, сондай-ақ егер от таралмаған болса, заттарды қайта өңдеу мақсатында оларды отпен өңдеу, басқа сапалық сипаттамаларын өзгерту;

18) жылжымалы құрамның дөңгелегінің, дөңгелектер жұбының өсінің, өс мойнының сынуы;

19) жылжымалы құрамы тіркемесінің құйылған детальдарының (қапталының немесе дрессор үстіндегі арқалығының) сынуы;

20) жылжымалы құрамның жоталы арқалығының сынуы (үзілуі).

6.3. Төменде көрсетілгендердің нәтижесінде келген залалдар өтелмейді:

1) көліктің опат болуына (зақымдануына) байланысты рейсті болдырмау;

2) сақтанушының тасымалдауды жүзеге асырмауына байланысты қойылған әртүрлі айыппұл шаралары;

3) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірген зиянға байланысты талап-арыз беру;

4) жанама түрдегі залалдар (пайданы, тауарлық түрін жоғалту, жіберіп алған олжа, моральдық зиян және т.с.с.).

6.4. Сақтандырушыны Ережеде көзделген себептер бойынша сақтанушыға сақтандыру төлемдерін төлеуден азат ету – бір мезгілде сақтандырушыны пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.5. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Теміржол көлігін ерікті сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздемелер қарастырылуы мүмкін.

6.6. Егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған әрекеттерінің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы

6.7. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту жайлы сақтанушы сотқа шағым жасауы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін.

7.2. Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннен кейінгі сағат 00:00-ден бастап қолданысқа енеді.

7.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін, франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.4. Сақтандыру өтемінің аумағы сақтандырылған теміржол көлігін пайдалану аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шартының нақты географиялық шегі әр кеңейтілуі, әрі тарылтуы да мүмкін. Әрқандай жағдайда да сақтандыру өтемі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Тараптардың бірі Сақтандыру шартын тоқтату күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ол жөніне екінші тарапқа хабарлаған

және қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда, Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарты сақтандырушы белгіленген нысанда толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде сақтанушы сақтандырушыға өзінің осы көлікті пайдалануға құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге, сақтандыруға қабылданып жатқан көлік құралын пайдалануға қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар, оның ішінде тиесілігі, күй-жайына ықпал ететін мән-жайлар, тауарлық көрінісі, сақталуы, орналасқан жері және т.б. туралы хабарлауға міндетті, Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтанушы сақтандыру туралы өтінішпен бірге сақтандырушының талабы бойынша келесідей құжаттарды ұсыну тиіс:

- 1) теміржол көлігі құралының тиесілігін растайтын (иелік ету, жалдау, лизингі құқығын және т.с.с.) құжаттар;
- 2) сақтанушының көлігінің шынайы құнын сипаттайтын бухгалтерлік құжаттар;
- 3) сақтандырылуы тиіс көліктің техникалық сипаттамаларын анықтауға болатын құжаттар;
- 4) алдыңғы 3 үш) жыл ішінде тасымалдау кезінде орын алған апаттық жағдайы туралы статистикалық деректер;
- 5) сақтандыру объектісін сипаттайтын басқа құжаттар.

8.3. Сақтандыру шарты Тараптардың Сақтандыру шартын жасауы арқылы жазбаша немесе электронды түрде жасалады. Сақтандырушы себептерін түсіндірмей, Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.4. Сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушы сақтандырылуы тиіс теміржол көлігін тексеруге, ал қажет жағдайда оның шынайы құнын белгілеу үшін сараптама тағайындауға құқылы. Бұл ретте, сақтандырушының көлік құнын бағалауы сақтанушы үшін міндетті болып саналмайды, ол басқа құнды дәлелдеуге құқылы.

8.5. Егер көлікті бақылап тексеру кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін ақаулар анықталса, онда ол көлік аталған ақауларды түзеткеннен кейін сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

8.6. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру шартын пайда алушының пайдасына жасау сақтанушыны Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан азат етпейді немесе сақтанушының міндеттерін пайда алушы орындайды. Пайда алушы сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойған кезде, Сақтандырушы пайда алушыдан сақтанушы орындамаған міндеттерін орындауды талап етуге құқылы. Сақтанушының міндеттерін орындамаудың немесе лайықты орындамау салдарының тәуекелі пайда алушыға жүктеледі.

8.7. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтінішін негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының бланкісін әзірлеу және оның дубликатын рәсімдеу шығындарын сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелген шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,5 мөлшерінен аспауы тиіс.

8.8. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау кезінде хабарлаған мән-жайларда едәуір өзгерістер болғаны өзіне белгілі болса және ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы (Пайда алушы) ол жөнінде туралы сақтандырушыға шұғыл хабарлауға міндетті.

8.9. Сақтандыру аумағын, көлікті пайдалану шарттарын және т.б. өзгерту – едәуір өзгерістер деп танылады. Сақтанушы көлікті жалға, кепілге немесе үшінші тұлғаның меншігіне бергені,

қайда жабдықтағаны туралы, сақтандырылған көліктің қозғалысы немесе опат болуы туралы, залал өтелуі тиіс пе, жоқ па, оған қарамастан, сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

8.10. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын сол артқан мөлшерге тең көлемде төлеуді талап етуге құқылы. Егер сақтанушы (пайда алушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, сақтандырушы осы Ереженің шарттарымен көзделген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Сақтандыру төлемі сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және сақтандырушы немесе сол уәкілеттік берген тұлға әзірлеген сақтандыру актінің (қорытындының) негізінде жүзеге асырылады.

9.2. «Үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.3. Көлік құралы сақтандыруға шынайы құнынан аз сақтандыру сомасында қабылданған жағдайда, егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, залалдың мөлшеріне қатысты сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандырылған көліктің шынайы құнына шаққандағы белгіленген пайызда белгіленеді.

9.4. Сақтандырылған объектіге қатысты барлық жасалған Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомалары нақты залал мөлшерінен аспауы тиіс.

9.5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен төленеді.

9.6. Жылжымалы құрамды ұрланған (ұрлап айдап әкетілген) жағдайда залал сомасы сақтандыру құнына тең деп саналады.

9.7. Көліктің жекелеген конструктивтік элементтері зақымданған (конструктивтік элементтердің салмақ түсетін қабілетінің бұзылуы) немесе ұрланған жағдайда залал сомасы төменде көрсетілгендер үшін төлем жасау шығындарын қосу арқылы есептеледі:

- 1) жөндеу жұмыстарының сметасын әзірлеу;
- 2) жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажет детальдарды, тораптарды, агрегаттарды, механизмдерді, материалдарды және құрамдас бөлшектерді сатып алу;
- 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажет детальдарды, тораптарды, агрегаттарды, механизмдерді, материалдарды және құрамдас бөлшектерді және/немесе зақымданған жылжымалы құрамды жөндеу жұмыстарын жүргізетін жерге дейін тасымалдау;
- 4) ауру жұққан (ластанған) жылжымалы құрамды дезактивациялау (дегазациялау) бойынша қажет жұмыстарды орындау;
- 5) жөндеу операцияларын орындау, оның ішінде жылжымалы құрамның зақымданған конструктивтік элементтерін бұзу бойынша операцияларды қоса.

Егер есептелген залал сомасы сақтандыру құнынан жоғары болса немесе зақымданған жылжымалы құрам одан әрі пайдалану үшін жарамды халге дейін қалпына келтіру мүмкін емес болса, онда ол жылжымалы құрам опат болған деп саналады және сақтандыру төлемі франшиза туралы ережелерді есепке ала отырып, сақтандыру сомасының мөлшерінде жүзеге асырылады.

9.8. Егер зақымданған бөлшектерді сақтандырылған көлікті қауіпсіз пайдалану қауіпсіз жөндеуге бола тура, олар ауыстырылатын болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сол бөлшектерді жөндеу құнын, бірақ оларды ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде өтейді.

9.9. Теміржол көлігін сақтандыру шартында сақтандыру төлемін залалдың сақтандыру төлемінің сомасы мөлшеріндегі заттай өтемімен ауыстыру да қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға залалды, сақтанушының билігіне ұрланған немесе

жойылған көліктің сапалық сипаттамалары мен тұтынушылық қасиеттері бар ұқсас көлік (құрамдас бөлшектер, қосалқы бөлшектер, агрегаттар және т.с.с.) ұсыну арқылы өтеуге құқылы.

9.10. Жылжымалы құрам опат болған жағдайда залал сомасы франшиза туралы ережелерді есепке ала отырып, сақтандыру сомасы мен оның қалдығы құнының оң айырмашылығына тең деп саналады.

9.11. Егер сақтандырушы мен сақтанушы (пайда алушы) жылжымалы құрамдың қалдықтарына меншік құқығын сақтандырушыға беру туралы келісімге келсе, ал сақтанушы (пайда алушы) меншік құқығына беру туралы міндетін орындаған болса, онда залал сомасы франшиза туралы ережелерді есепке ала отырып, сақтандыру сомасына тең деп саналады.

9.12. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындар, егер шығындар қажет болған болса, немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, аталған шаралар сәтсіз болғанына қарамастан, өтелуі тиіс. Мұндай шығындарды сақтандырушы көліктің шынайы (сақтандыру) құнына шаққандағы сақтандыру сомасына тең етіп өтейді. Бұл ретте, сақтандыру төлемі мен шығындар өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Аталған шығындар, сол шығындарды жұмсаған тұлғаға тікелей өтеледі.

9.13. Жұмыстарды жедел орындауға, мүліктің бұрынғы күй-жайын жетілдіруге немесе өзгертуге байланысты қосымша шығындар және сол сақтандыру жағдайымен негізделген басқа шығындар залалдардың мөлшерін айқындау кезінде назарға алынбайды.

9.14. Сақтанушы сақтандырушының жазбаша келісімінсіз, пайда алушыға келген залалды өтеу мақсатында болашақ сақтандыру төлемдерінің есебіне жүзеге асырған төлемдерді Сақтандырушы мойындамайды.

9.15. Сақтанушының ықтимал залалдарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қолданбауының салдарынан туындаған залалдардың бөлігінде Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін төлеуден азат етіледі.

9.16. Машинистердің, жолсеріктердің және басқа мамандардың жалақысына және үлесіне жөндеу жұмыстарын жүргізген кездегі шығындар сақтандырумен өтелмейді.

9.17. Егер залалды келтірген тұлға оны толығымен өтеген болса, сақтанушы сақтандыру төлемін алу құқығынан айырылады, ал залал қажет сомадан аз сомаға өтелген болса, онда сақтандыру төлемі – залал келтіргені үшін жауапты тұлғадан сақтанушы алған соманы шегере отырып, жүзеге асырылады.

9.18. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтанушы (пайда алушы) залал келтіргені үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған болса, ол сақтандыру төлемінің бөлігіне ғана құқылы, соған байланысты сақтандырушы артық төленген сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал залал келтіргені үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған сақтанушы (пайда алушы) артық алған соманы сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.19. Төмендегідей жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға Сақтандыру шартында келісілген мерзімде хабарламаған, егер ол сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы хабардар болғаны дәлелденбесе, немесе сақтандырушыда ол жөніндегі мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін төлеу міндетін ықпал етпесе;
- 2) Сақтанушы (пайда алушы) әдейі сақтандыру жағдайының басталуымен себепті байланысты жалған мәліметтерді берген.

9.20. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын, оның басталу себептерін және сақтандыру төлемін алушының құқығын растайтын қажет құжаттардың соңғысын алған және тиісті сақтандыру актіні бекіткен сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылдайды.

9.21. Сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған кезде, сақтандырушы шешім қабылдаған сәттен бастап 15 (Он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

9.22. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, ол жөнінде сақтанушыға жазбаша түрде, сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде бас тартудың уәжді негіздемелерін көрсетіп және Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайымен келген залалды азайту бойынша ақылға қонымды және қалыптасқан жағдайда қолжетімді шараларды қолдануға. Сондай шаралар қолдана отырып, сақтандырушы нұсқаулар берген болса, сақтанушы сол нұсқауларды ұстануға міндетті;
- 2) залал келгені үшін жауапкершілік жүктелген тұлғаны анықтау шараларын қолдануға және сондай адамды анықтаған жағдайда оған белгіленген тәртіпте залалды өтеу туралы талап қоюға;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары мен себептеріне тергеу жүргізуге міндетті ведомстволық және/немесе мемлекеттік органдарға (теміржол көлігіндегі ішкі істер бөлімдеріне, тергеу органдарына, прокуратураға, ҚР ТЖМ мамандандырылған бөлімшелеріне, Көлік және коммуникация министрлігінің тиісті басқармаларына және т.б.) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 4) кез келген қолжетімді тәсілмен сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы 3 (Үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға. Егер сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы ауызша хабарлаған болса, онда ол мәліметтерді белгіленген мерзімде жазбаша растауға міндетті;
- 5) зақымданған жылжымалы құрамды (оның қалдықтарын) сақтандырушының өкілі тексеруді аяқтағанға дейін сол қалпында және күйде сақтауға және сақтандырушының келісімінсіз, зақымданған жылжымалы құрамға ешқандай жұмыстарды бастамауға, егер ол төмендегілерді орындауға кедергі болмаса:
 - а) жедел апаттық-құтқару жұмыстарын орындауға;
 - б) мемлекеттік орган өкілдерінің бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;
- 6) сақтандырушының өкіліне зақымданған жылжымалы құрамды (оның қалдықтарын) немесе жылжымалы құрам ұрланған жерді тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын зерттеуге қатысуға;
- 8) зақымданған жылжымалы құрамға (оның қалдықтарына) немесе жылжымалы құрам ұрланған жерге тексеруге қатысуға;
- 9) жөндеу кәсіпорнын таңдауды сақтандырушымен келісуге;
- 10) сақтандырушы талап еткен құжаттарды қоса, сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтініш беруге;
- 11) сақтандырушыға аталған теміржол көлігі құралына қатысты барлық жасалған Сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 12) қолданыстағы заңнамамен қарастырылған, залал келгені үшін жауапты тұлғаға талап қоюды жүзеге асыру бойынша шараларды қолдануға.

10.2. Егер Сақтанушы Ереженің 10.1-тармағында көрсетілген міндеттемелерін орындамай жатса, Сақтандырушы оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы. Егер жоғалған

(ұрланған) мүлік туралы құзырлы органдарға хабарланбаған немесе уақытылы хабарланбаған болса, онда Сақтандырушы сол мүлікке қатысты бөлігінде ғана сақтандыру төлемін төлеу бойынша міндеттерінен азат етіледі. Егер Сақтанушы көрсетілген міндеттерін орындамау сақтандырылған мүліктің опат болу, зақымдану немесе жоғалу себептерін және Сақтандырушының жауапкершілік көлемін анықтауға ықпал етпеген болса, онда Сақтандырушы залалды өтеу міндеттемелерінен азат етілмейді.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы сақтандырушыға келесідей құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) Сақтандыру шарты;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғанын куәландыратын құжаттар;
- 4) залал мөлшерін куәландыратын құжаттар.

11.2. Сол оқиғаның нәтижесінде залал келген сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себептері сақтанушы (пайда алушы немесе сол өкілдік берген тұлға ұсынатын келесідей құжаттармен расталуы тиіс:

- 1) сақтандырылған көліктің сақталуына мүддесі болуын дәлелдеу үшін – сақтандырылған көлікке иелік ету құқығын растайтын құжаттар (Сатып алу-сату келісімшарттары, жалға алу келісімшарттары, Жалдау келісімшарты және т.с.с.);
- 2) сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:
 - а) қираған, апат болған, соқтығысқан немесе рельстен шығып кеткен, туннельдер опырылған кезде – Көлік министрлігінің қызметтік тергеу шараларының нәтижесі, теміржол полициясы органдарының, теміржолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтердің, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің, ТЖМ бөлімшелерінің актілері мен қорытындылары, сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын басқа құжаттар;
 - б) өрт, газ жарылыс кезінде - Көлік министрлігінің, құқық қорғау органдарының қызметтік тергеу шараларының нәтижесі, өрт-техникалық сараптаманың, газ желісінің апаттық қызметінің, энергиямен қамсыздандыру апаттық қызметінің, қорытындылары, сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын басқа құжаттар;
 - в) үшінші тұлғалар құқыққа қайшы әрекеттер жасаған кезде - құқық қорғау және тергеу органдарының қорытындылары, күзету жүйесінің болуы және сипаты туралы куәландыратын құжаттар (Ведомстводан тыс күзету бөлімдерімен жасалған келісімшарттар және т.с.с.), сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын басқа құжаттар;
 - г) дәулей апаттар кезінде - гидрометеозызметінің, мемлекеттік комиссиялардың, құзырлы органдардың, ТЖМ бөлімшелерінің актілері, қорытындылары, аумақтық бөлімшелерінің сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын басқа құжаттар;
- 3) келген залалдардың мөлшерін дәлелдеу үшін:
 - а) сақтанушы (пайда алушы) әзірлеген көліктің зақымдану тізімі, зақымдану дәрежесін көрсету арқылы;
 - б) тауарлық жүкқұжаттар мен чектер, жұмыстарды қабылдау-өткізу актілері, калькуляциялар, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының сметалары;
 - в) тәуелсіз сараптама (бағалау) ұйымдарының қорытындылары – егер болса;
 - г) келген залалдың мөлшерін растайтын басқа құжаттар.

4) Сақтандырушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюы үшін қажет құжаттар.

11.3. Сақтанушы (пайда алушы) көлікті сақтауға мүддесін, сақтандыру жағдайының басталғанын және келген залалдың мөлшерін растайтын өзге де дәлелдерді ұсынуға құқылы.

11.4. Егер қолда бар құжаттардың негізінде келген залалдардың мөлшері туралы пікір қалыптастыру мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, басқа жағдайларда сақтандырушы басқа да құжаттарды өткізуді талап етуге құқылы.

11.5. Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күн көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.6. Сақтанушы осы Сақтандыру ережесінде қарастырылған құжаттарды өткізбеген жағдайда сақтандырушы шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде, жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

11.7. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыс істі жүргізіп жатқан органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, сақтандырушы сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға өзі дербес сауалхат жіберуге құқылы.

11.8. Егер сақтандыру төлемін төлегеннен кейін Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) залал келтіргені үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған болса, онда ол тек сақтандыру төлемінің бөлігіне ғана құқылы, соған байланысты Сақтандырушы артық төленген сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал залал келтіргені үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) артық алған соманы Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

11.9. Сақтанушы осы тармақта көрсетілген талаптарды орындамаған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде уақытылы алуға;
- 3) сақтандырушымен келісіп, Сақтандыру шартына өзгерістер енгізуге;
- 4) сақтандырушымен келісіп, сондай-ақ егер Сақтандыру шартында келісілген болса, онда пайда алушының да келісімімен, пайда алушыны ауыстыруға;
- 5) Сақтандыру шартын (полисті) жоғалтқан жағдайда оның дубликатын алуға;
- 6) сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайлы сот тәртібінде шағымдануға;
- 7) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын бұзуға.
- 8) сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының өкіліне тиісті органдарда өзінің мүддесін қорғау үшін өкілдік беруге.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелінің басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) Сақтандырушының уәкілетті өкіліне көлікті (сақтандыру объектісін) бақылап тексеруге беруге және көліктің барлық ішкі және сыртқы зақымдары туралы хабарлауға;
- 3) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

- 4) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде аталған сақтандыру объектіне қатысты басқа да жасалған немесе жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) сақтандырушының талабы бойынша сақтандырылған көлік туралы барлық мәліметтерді сақтандырушыға беруге;
- 6) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да 3 (Үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, тәуекел дәрежесінің артуына байланысты барлық едәуір өзгерістер туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 8) барлық ақылға қонымды және қажетті сақтық шараларын қолдануға және залалдардың алдын алу бойынша Сақтандырушының ұсыныстарын сақтауға, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын, заңнама талаптарын және теміржол көлігін пайдалану бойынша ұйғарымдар мен ұсыныстарды сақтауға;
- 9) сақтандырылған теміржол көлігі құралы мен соған қондырылған жабдықтарды пайдалану бойынша белгіленген ережелер мен нормаларды сақтауға.

12.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;
- 2) егер сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы бар мән-жайлар сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болуы тиіс болмаса, сақтандыру жағдайының ықтимал басталуын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді сақтанушыдан алуға (маңызды мәліметтер өтініште белгіленеді);
- 3) сақтандыру тәуекелін бағалауға, оның ішінде сақтандыру объектісін тексеруге, артынан тексеру актісін жасауға және міндетті түрде актіге сақтанушының қолын қойдыруға;
- 4) сақтанушы хабарлаған сақтандыру объектісінің сипаттамасына сәйкестігі туралы ақпаратты тексеруге, сақтанушыдан Сақтандыру шартының талаптары мен ережелерін орындауды талап етуге;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы ақпарат алуға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталғанын құжаттар растауға;
- 7) сақтанушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 8) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға;
- 9) сақтанушының залал туралы хабарлама-хатын күтпей-ақ, зақымданған көлік құралын тексеруге кірісуге. Мұндай сақтанушы сақтандырушыға кедергі жасамауы тиіс;
- 10) қажет жағдайда құзырлы органдарға сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру туралы сауалхат жіберуге;
- 11) сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаға кері талап қоюға;
- 12) егер сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы белгілі болған болса, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және артқан сақтандыру тәуекеліне тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге. Сақтанушы оған қарсы болған жағдайда, сақтандырушының шығыстарын ұстап қалу арқылы Сақтандыру шарты бұзылуы мүмкін;
- 13) егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға;
- 14) залалды азайту шараларына қатысуға, ол үшін шаралар қолдануға және қажет шараларды көрсетуге, алайда сақтандырушының ол әрекеттерін сақтандыру төлемін төлеу міндетін мойындағаны деп қарастыруға болмайды;

15) сақтандырылған көлікті құтқаруға және сақтауға қатысуға, ол үшін шаралар қолдануға және қажет шараларды көрсетуге;

16) сақтандыру жағдайына байланысты қажет әрекеттерді жасау туралы сақтанушыға нұсқаулар беруге;

17) басталған оқиғалар бойынша залалдарды реттеу үшін сюрвейерлерді, сарапшыларды, апаттық комиссарларды тағайындауға;

18) Сақтанушының Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес ықылассыз іс-әрекеттерінің белгілері анықталған (айқындалған) кезде, Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін уақытша тоқтата тұру туралы хабарлама жіберу арқылы, уақытша тоқтатқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей, тиісті тексеру жүргізілетіні туралы көрсетіп, сақтандыру төлемін төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға.

12.4. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға, сақтанушыға сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) көлікті сақтандыруға қабылдау туралы оң шешім қабылданған жағдайда сақтанушымен Сақтандыру шартын рәсімдеуге;

3) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданған көлікті сақтанушының жазбаша өтінішін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тексеруге;

4) қажет жағдайларда, сақтандыру актісін жасау кезінде залалдың себептері мен көлемін, көліктің құнын анықтау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін төлеуге;

6) Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде ол жөнінде сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, белгіленген мерзімдерде хабарлауға;

7) сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін шығарған шығындарды сақтанушыға өтеуге;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

9) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге.

12.5. Сақтандырушының залал келудің мән-жайларын зерттеу бойынша барлық әрекеттері сақтандыру жағдайын мойындау үшін негіздеме болып табылмайды.

12.6. Тараптардың басқа құқықтары болуы мүмкін, сондай-ақ Сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін шамада басқа да міндеттер жүктелуі мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;

2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;

3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.

4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемеген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде;
- 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, сақтандырушы сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0

3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

14.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоядан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

14.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін сақтанушы сақтандырушының келісімімен, сақтандырылған көлік құралына өз құқықтарын сақтандырушыға шегінуі және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуы мүмкін.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы сақтандырушыда сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2. Мүлікті екі жақты сақтандырған кезде әр сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда сақтанушының барлық сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3. Келген залалды басқа сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ереженің шарттарымен жасалған Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар – сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) сақтанушыны, сақтандырылушыны, пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды міндетті түрде Сақтандырушының Директорлар кеңесінің бекітуімен енгізіледі.

17.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес

деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:

- а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
- б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

17.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.9. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

Сілтеме. 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.3 тармаққа, 1.5 тармағының 3), 13) тармақшаларға, 3.7, 4.1 тармақтарға, 6.2 тармағының 17)-20) тармақшаларға, 6.6, 8.3, 9.22, 10.2 тармақтарға, 11.2 тармағының 4) тармақшаға, 11.8 тармаққа, 12.3 тармағының 13), 18) тармақшаларға, 12.4 тармағының 9) тармақшаға, 13.10, 17.5-17.9 тармақтарға).